

**Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Ұлытау ормандар мен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кейбір мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 7 желтоқсандағы № 867 қаулысы

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы қаулы 01.01.2022 ж. қолданысқа енгізіледі**

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қарағанды облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Ұлытау ормандар мен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – КММ) заңнамада белгіленген тәртіппен Қарағанды облысы әкімдігінің коммуналдық меншігінен республикалық меншікке қабылдансын және Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің қарамағына берілсін.

2. Қарағанды облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Ұлытау ормандар мен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атауы "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Ұлытау" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мекеме) болып өзгертілсін.

3. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті мекемеге қатысты тиісті саланы (аясын) мемлекеттік басқару жөніндегі уәкілетті орган болып айқындалсын.

4. Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен және Қарағанды облысының әкімдігімен бірлесіп, осы қаулының 1-тармағында көрсетілген КММ қабылдау-беру жөніндегі қажетті іс-шараларды жүзеге асырсын;

2) мекеменің әділет органдарында мемлекеттік қайта тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. КММ-нің жалпы ауданы 58 912 га жер учаскесі орман қоры жерлері санатынан алып қойылсын.



жануарлар дүниесін қорғау шаруашылығы )	58912	7914	4646	5	234	8148	1740	1901	34414	38
Барлығы	58912	7914	4646	5	234	8148	1740	1901	34414	38

### Кестенің жалғасы

оның ішінде		
ормансыз жерлер		ормансыз жерлер жиыны
жолдар	басқа жерлер	
103	12511	50764
103	12511	50764

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2021 жылғы 7 желтоқсандағы  
№ 867 қаулысымен  
бекітілген

### Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. "Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 339 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерінде:

16-бөлімде:

мына:

"

16	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі оның аумақтық органдарын және оған ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:	5431
	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер, оның ішінде:	3772

"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

16	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі оның аумақтық органдарын және оған ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:	5461
----	---	------

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер, оның ішінде:	3849
--	------

”;

мынадай мазмұндағы 31) жолмен толықтырылсын:

”

31)	"Ұлытау" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесі	77
-----	--	----

”.

2. "Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 26 қыркүйектегі № 593 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 42-43, 290-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың тізбесінде:

"Қарағанды облысы" деген бөлімде:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 62-1-жолмен толықтырылсын:

”

62-1	"Ұлытау" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі	58912	Ұлытау ауданы	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті
------	--	-------	---------------	--

”;

реттік нөмірі 68-жол алып тасталсын.

3. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 17 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 5 шілдедегі № 479 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2019 ж., № 26-27, 236-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі туралы ережеде:

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының тізбесінде:

"Республикалық мемлекеттік мекемелер" деген бөлімде:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 30-жолмен толықтырылсын:

"30. "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Ұлытау" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесі".